


## Ваучер алу үшін кезекке тұру нұсқаулығы


Ваучер алу кезегіне тұру үшін Сізге жүйенің басты бетіне кіріп, «Ваучердің кезегіне тұру» батырмасын басу қажет (1-сурет).



1 сурет

Жүйенің жұмыс істеу ережелерімен танысып, барлық құсбелгілерді қойып, «Кезекке тұру» (2-сурет) батырмасын басыңыз.

*Назар аударыңыз! Өтініш беру үшін Сізге ed24.kz мобильді қосымшасын орнатып, онда тіркеуден өту қажет.*




2 сурет

**1- қадам.** Ата-ананың байланыс деректері.


1-қадамда өтініш беру үшін жеке тұлғасын растау қажет. Ол үшін телефон нөмеріңізді енгізіп, «Растау кодын жіберу» батырмасын басыңыз (3-сурет).

*Назар аударыңыз! Телефон нөмеріңіз Электрондық үкіметтің мобильді азаматтар базасында және ed24.kz мобильді қосымшасында тіркелген болуы тиіс.*



3 сурет

Батырманы басқаннан кейін жүйе **ed24.kz** мобильді қосымшасына 4 таңбадан тұратын растау кодын жібереді. Кодты төмендегі ұяшыққа енгізіп, «Жалғастыру» (4-сурет) батырмасын басыңыз.



4 сурет

*Назар аударыңыз! Егер нөмір тіркелмеген болса, жүйе бұл нөмірге ed24.kz қосымшасы орнатылмағанын хабарлап, оны орнатуды ұсынады.*

## 2- қадам. Ата-ана және бала туралы

Бұл қадамда заңды өкіл мен бала туралы ақпарат толтырылады. Барлық қажетті деректер мемлекеттік деректер базасынан алынады.

Бірінші ұяшыққа ата-ананың ЖСН-ын енгізіп, «Кіруді сұрау» батырмасын басыңыз (5-сурет).

## Ваучер алу үшін кезекке қою

Қосымша білім алуға Ваучер алу үшін электрондық кезекке қоюға электрондық өтініш беру

1-ҚАДАМ	2-ҚАДАМ	3-ҚАДАМ	4-ҚАДАМ	5-ҚАДАМ
Ата-ананың байланыс деректері	Ата-ана және бала туралы	Жеңілдіктер туралы ақпарат	Ниятті растау	Деректеріңізді тексеру

**Ата-ана туралы мәлімет:**

Ата-ананың ЖСН (немесе заңды өкілдің)\*  [Деректерді сұрау](#)

Жүйе электрондық үкіметтің дерекхорына сұрау жіберді, сізге 1414 қызметінен SMS келіп түседі, жеке деректерге қол жеткізуге рұқсат бере отырып, SMS-ке оң жауап беріңіз. Содан кейін "Деректерді сұрау" түймесін басыңыз

Тегі\*

Аты\*

Әкесінің аты

Туған күні, айы, жылы\*  Жынысы\*

[Артқа](#) [Жалғастыру](#)

5 сурет

Ата-анаға **1414 қызметінен SMS-хабарлама** келеді, онда жеке деректерге қолжеткізуге келісім беру қажет.

Содан кейін қайтадан «**Деректерді сұрау**» (6-сурет) батырмасын басыңыз. Ата-ана туралы ақпарат автоматты түрде толтырылады.

## Ваучер алу үшін кезекке қою

Қосымша білім беру ваучерін алу үшін кезекке қоюға арналған электронды өтініш беру

1-ҚАДАМ	2-ҚАДАМ	3-ҚАДАМ	4-ҚАДАМ	5-ҚАДАМ
Ата-ананың байланыс деректері	Ата-ана және бала туралы	Жеңілдіктер туралы ақпарат	Ниятті растау	Деректеріңізді тексеру

**Ата-ана туралы мәлімет:**

Ата-ананың ЖСН (немесе заңды өкілдің)\*  [Деректерді сұрау](#)

Тегі\*

Аты\*

Әкесінің аты

Туған күні, айы, жылы\*  Жынысы\*

**Бала туралы мәлімет:**

6 сурет

Содан кейін екінші ұяшыққа баланың ЖСН-ын енгізіп, «**Кіруді сұрау**» батырмасын басыңыз. Дәл алдыңғы қағида бойынша жеке деректерді өңдеуге келісім беріп, «**Деректерді сұрау**» батырмасын басыңыз. Барлық мәлімет автоматты түрде толтырылған соң, «**Жалғастыру**» батырмасын басыңыз (7-сурет).

Баланың ЖСН\*

Жүйе электрондық үкіметтің дерекқорына сұрау жіберді, сізге 1414 қызметінен SMS келіп түседі, жеке деректерге қол жеткізуге бере отырып, SMS-ке оң жауап беріңіз. Содан кейін "Деректерді сұрау" түймесін басыңыз

Тегі\* НҰРЛАН

Аты\* АМИР

Әкесінің аты\* ЕРСІНҰЛЫ

Туған күні, айы, жылы\* 08.03.2023 Жынысы\* Ер

**Туу туралы куәлік**

Құжат нөмірі\* 10-732-\*\*\*0005933

Берілген күні\* 11.03.2023

**Тұрғылықты нақты мекенжайы**

Тұрақты тіркеу мекен-жайы\*

Уақытша тіркеу мекенжайы\*

7 сурет

*Назар аударыңыз! Ата-ананың және баланың ЖСН-на 1414 қызметінен SMS-хабарлама бөлек келеді. Әр ЖСН бойынша жеке-жеке келісім беру қажет.*

### 3- қадам. Жеңілдіктер туралы ақпарат

Бұл қадамда кезек түрін таңдау қажет.

*Назар аударыңыз! «Жалпы дамыту кезегі» - барлық балаларға арналған. «Арнайы кезек» - ерекше қажеттіліктері бар және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған.*

Егер сізде жеңілдік бар болса, оны растайтын құжатты тиісті ұяшыққа жүктеу қажет.

**«Жалғастыру»** батырмасын басыңыз (8-сурет).

**Ваучер алу үшін кезекке қою**  
Қосымша білім алуға Ваучер алу үшін электрондық кезекке қоюға электрондық өтініш беру

1-ҚАДАМ Ата-ананың байланыс деректері 2-ҚАДАМ Ата-ана және бала туралы 3-ҚАДАМ Жеңілдіктер туралы ақпарат 4-ҚАДАМ Нінетті растау 5-ҚАДАМ Деректеріңізді тексеру

Кезек түрін таңдаңыз:  Мемлекеттік тапсырыс түрін таңдаңыз:

Кезекке қою кезінде кезектің түрі оқу жылының басталуына қарай (1 қыркүйек) баланың жасы бойынша анықталады. Ваучерлер бюджеттен қаражат түскен сайын беріледі


**Мүгедектік туралы мәліметтер (бар болса)**  
Мүгедектік туралы мәліметтері бар құжатты тіркеңіз, онда балаға қажет түзету түрі және ол қатыса алатын ұйымның түрі туралы толық ақпарат берілген

**Қызмет көрсетуші:**  
Қызмет провайдерін таңдаңыз

**Топ:**  
Топты таңдаңыз

8 сурет

Жүйе өтінішіңіздің қай кезекке бағытталатынын көрсететін ақпаратты шығарады. «Жалғастыру» батырмасын басыңыз (9-сурет).




9 сурет

#### 4- қадам. Ниетті растау

Бұл қадамда, қажет болған жағдайда, хабарламаларды алу тәсілін және хабарлама тілін таңдауға болады. Жүйе сізге маңызды оқиғалар мен ваучер беру туралы ақпарат жіберіп отырады.

Таңдауды аяқтағаннан кейін «Жалғастыру» батырмасын басыңыз (10-сурет)



10 сурет

#### 5- қадам. Деректерді тексеру

Жүйе автоматты түрде ваучер алу кезегіне тұру өтінішін қалыптастырады. Барлық мәліметтің дұрыс енгізілгенін мұқият тексеріңіз. Содан кейін «Өтініш беру» батырмасын басыңыз (11-сурет).

Білім бөлімінің бастығына  
бастап КАБИДОЛЛА АЙГЕРИМ КАБИДОЛЛАҚЫЗЫ  
ЖСН:  
мекенжайы бойынша тұратын:

**ӨТІНІШ**

Елді мекен аумағында қосымша оқуға Ваучер алу үшін баланы кезекке қоюды сұраймын

Тест, \_\_\_\_\_

ТҰРПАН АМИР ЕРСІНҰЛЫ,

08.03.2023 туған жылы.

Бала болып табылатындығын хабарлаймын:

1. Мүгедектік туралы мәліметтер ..... Scan.pdf

Қызмет көрсетуші: 1  
Топ: kk.Бокс (Қазақ)  
Уақытша тіркеу мекенжайы:  
Тұрақты тіркеу мекен-жайы:  
Хабарламалардың типі: SMS  
Хабарламалардың тілі: Қазақ  
Телефон нөмірі: +7 (707) 902-92-23

Мен дербес деректерді пайдалануға және өңдеуге келісім беремін  
 Мен хабарламаларды алу үшін байланыс деректерін пайдалануға келісім беремін  
 Мен таныстым, келісемін және осы интернет-порталдың [оферта шартын](#) қабылдаймын

АртқаӨтініш беру



## 11 сурет

Өтініш сәтті жіберілгеннен кейін келесі хабарлама шығады: «Сіздің № өтінішіңіз тіркеуге жіберілді» (12-сурет).

Сіз өтінішіңіздің мәртебесін жеке кабинеттен бақылай аласыз, сондай-ақ **ed24.kz** мобильді қосымшасы арқылы хабарламалар ала аласыз.

### Ваучер алу үшін кезекке қою

Қосымша білім алуға Ваучер алу үшін кезекке қоюға электрондық өтініш беру

**Сіздің №21792 өтінішіңіз тіркеуге жіберілді**

Сіз өтініштің күйін Жеке кабинетте, сондай-ақ ed24 мобильді қосымшасындағы хабарламалар арқылы бақылай аласыз

**Жөнелту күні:** 10.10.2025 16:38

[Басты бетке көшу](#)

## 12 сурет